

Айдарша М., Есеналиева Д., Сейсенбекова М.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ-ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫ**

Айдарша М., Есеналиева Д., Сейсенбекова М.

**ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ – ПУТЬ ФОРМИРОВАНИЯ
У УЧАЩИХСЯ ПОЗНАНИЯ МИРА**

Aidarsha M., Esenalieva D., Seisenbekova M.

**ECONOMIC EDUCATION IS THE DEVELOPMENT OF PUPILS
KNOWLEDGE OF THE WORLD**

УДК: 377.12/89

Бұл жұмыста тәрбиеленушілердің іс-әрекет, қарым-қатынастарындағы, мінез-құлқындағы жағымды тәжірибені қалыптастыру әдістері.

Кілт сөздер: Тәрбие әдісі, тәжірибені қалыптастыру әдістері, экономикалық тәрбие, экологиялық мәдениет-эстетикалық тәрбиеде, оқу процесі.

Экономика - кең мағынада белгілі бір қоғамның экономикалық құрылысын және оның базисін сипаттайтын қоғамдық өндірістік қатынастардың жиынтығы. Жастарға экономикалық тәрбиені саналы түрде беру керек. Ол үшін экономикалық сананы қалыптастыру қажет. Экономикалық сана - ғылыми көзқарастың негізгі бір бөлігі. Экономикалық сана арқылы өмірге экономикалық өзгерістерді түсініп, өзімізше талпынып әрекет жасаймыз. Экономикалық сана бүгін халықты базарда сауда-сатықпен айналасуға, кішігірім кәсіпорын құруға, ауыл шаруашылығында фермерлер қожалықтарын ұйымдастыруда т.б. итермелеп отыр. Дүниежүзілік озық технологиядан хабардар болып, соны өздерінше іске қоспақшы, кей жерде қосыпта жүр. Экономикалық сана тек озық технология немесе сауда, пайда мен шектелмейді. Экономикалық сананың құрамды бөлігі болып: ұжымдық, қол үшін беру, көмектесіп, бірлесіп істеу, тәртіп, қоғамдық парыз, әділдік т.б. өнегелік адамгершіліктің нышандары жатады. Осының бәрі экономикалық тәрбие.

Экономикалық сана кейбір әлеуметтік функцияларды да (қызметті) атқарады: ағартушылық, даму (экономикалық ой- өрісі), тәрбиелік, эстетикалық, прогнозикалық (болжамдық).

Экономикалық тәрбие дегеніміз – оқушыларға әдейі ойластырылған жұмыс жүйесімен олардың экономикалық санасын қалыптастыруға бағытталған ұстаздың еңбегі. Экономикалық тәрбие экономикалық ойдың дамуын қамтамасыз етеді, өнегелік, іскерлік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Мұның бәрі экономикалық қызметті атқару кезінде іске асады. Экономикалық тәрбиеде мынадай қасиеттер қалыптасады:

- қоғамдық белсенділік;
- іскерлік, икемділік, құнттылық;

- қоғамдық немесе жеке мүлікке көзінің қарасындай қарау – талан-таражқа жібермеу;
- жаңа технологияны іске қосу – пайдалану;
- өнімнің сапалығын қадағалау, баюдың жолын іздеу.

Экономикалық тәрбиені әр пәнде, әр сабақта, сабақтан тыс іс-шараларды іске асыруға болады. Оқушылардың экономикалық сауатын ашу қажет.

Оқушыларға берілген экономикалық тәрбиенің, білімнің тиімділігін мына деңгеймен бағаланады:

- негізгі экономикалық түсінігі, ол туралы білімі;
- экономикалық білімді іс жүзіне асыра білуі;
- іс жүзіндегі құнттылық;
- еңбекке деген жауапкершілік;
- экономикалық сананы қалыптастыру;

Экология (грекшесі - ойкус, қазақшасы - үй, мекен) – тірі организмдердің тіршілік ортасымен ара қатынасын зерттейтін биологиялық ғылым. Экология терминін 1866-жылы Неміс биологы Э.Геккель ұсынған. Экологияның негізі организммен ортаның бірлестігі және организмдердің эволюция процесінде өзгеруі деген ұғымнан құралады.

Қазір экология - өзінше үлкен ғылым. Ол сан тармаққа бөлінеді: өндірітік экология, ауыл шаруашылық экологиясы, табиғат қорғау т.б. болып бөлшектеніп кете береді. Табиғат- адамның өмір сүретін ортасы. Сондықтанда адам сол табиғатты таза сақтап, қоршаған ортаны ластамауға, кең байлықтарды барынша мұқият пайдаланып, табиғатқа зиян келтірмеуге тырысуда. Бұл дүниежүзілік проблема. Қазақстанның өзін алып қарасақ Арал, Балқаш, Семей, т.б. проблемалары баршылық. Оқушыларымызға экологиялық сананы қалыптастыруымыз керек. Экологиялық санаға экологиялық білім, нақты мәліметтер, табиғатпен, өсімдікпен, жан-жануарлармен қатынас жатады. Экологиялық сананы қалыптастыру үшін біліммен қатар, экологиялық сезім, экологиялық жауапкершілік болуы керек. Экологиялық сананың атқаратын қызметі де едәуір. Олар: ағартушылық, тәрбиелік, дамытушылық (ой-өрісін, ойлау қабілетін), ұйымдастырушылық, насихаттау.

Экологиялық мәдениет болуы керек. Оған экологиялық білім, табиғатты қорғау, табиғатқа жанашырлық таныту, табиғатты сезе білу, табиғаттың сұлулығын түсіну, табиғатпен тілдесу жатады.

Экологиялық сана пән арқылы қалыптасады. Әр пәнді, әр сабақты экологиялық тәрбиеге үйлестіріп өткізуге болады. Оны тарихқа, әдебиетке, тілге, жағрафияға, физикаға, биологияға, химияға т.б. пәндерге байланысты өткізуге мүмкіндік бар. Онда суды, топырақты, ауаны, өсімдіктерді, жан—жануарларды, қазба байлықтарды ұқыпты пайдаланып ластамау жағын айтқан жөн.

Экологиялық сананың арнайы сабақтар, кештер, іс-шаралар, үйірме жұмыстары арқылы қалыптастыруға болады. Әсіресе саяхат немесе бау - бақшаға қарау, өсімдіктерді баптау, тал-терек отырғызу, құстарға көмектесу т.б. іс-әрекеттер экологиялық сананы қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады.

Эстетикалық білімнің негізі - оқу пәндері. Бастауыш сынып оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай түсінуді біледі.

Ана-тілі сабақтарында оқушылардың тілін дамыта отырып, мұғалім суретке қарап әңгіме құрауды, әсер алған уақиғаларды айтып беруді қиялында жаңа белгілерді жасауға үйретеді. Көркемдікті сезінуге талғамы пайда болып, олардың рухани күші дамиды.

Музыка сабақтары өте әсерлі сезімдерді оятып, музыка мұраттарын қалыптастырып, бала тәртібіне ықпал етеді. Музыканы тыңдау, ән салу балалар үшін өнегелік-әсемдік мәні бар, себебі, көтеріңкі көңіл ержүректік сезімдерден ортақ әсер алу оларды рухани өрлеу үстінде біріктіреді және топтастырады. Сондықтан саналы тәртіп пен мінез-құлықтық тәрбиені күшейту үшін музыка пәні бағдарламасында халық әндерін игеруге үлкен мән берілген.

Бейнелеу әсемдікті түсіну мен нәзік сезіну, алған әсерін бейнелеу өнері құралдарымен шамасына сай беру, сызықтық сурет салу сауатын меңгеру жеке балаларды кескін, мүсін, сызықтық суреттерде әсемдік қабілеті, олардың өзіндік іс-әрекеті бейнелеу өнерін тану барысында қалыптаса бастайды.

Көркем әдебиет және тарих пәндері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады. Олар қоғамдық өмірден, адамдар қатынасының еңбектік эстетикасын тануға үміттенеді. Әсіресе әдебиет сабақтары оқушыларды әсемдікке баулиды, таным ынтасының білімділігінің, қабілетінің дамуына ықпал жасайды. Кейбір оқушылар жас кезінен-ақ өлең, әңгіме жазуға талаптанады.

Табиғаттың ұлылығы, көркемдігі, сыры биология, география, химия, физика сабақтарында ашылады. Оқушылар табиғи құбылыстардың бай эстетикалық сымбаты жөнінде мәліметтер алады. Биология, география сабақтарында пейзаждық

кескіндеме шығармалары, суреттік шығармалар оқушылардың эстетикалық дүниетанымын байытады.

Мектеп және сынып бойынша алдын-ала жасалған жоспарларға сәйкес эстетикалық саяхат өткізіледі. Саяхаттың негізгі объектілері көркем галерея, мұражай, табиғат, театр, кинотеатр, түрлі көрмелер.

Көркемпаздар үйірмесі оқушылардың өнерге әуестігін, қызығушылығын, талғамын дамытуда үлкен роль атқарады.

Мектепте оқушылардың эстетикалық мәдениетіне басқа факторлар әсер етеді. Мысалы, жарық сынып бөлмесі, әдемі мектеп мебельдері, демалыс бөлмелері қолайлы жұмыс орны оқушылардың эстетикалық танымын, белсенділігін көтереді.

Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, қазақ халқына көшпенділік өмір жағдайында табиғи өзгерістерге байланысты өте нәзік байқағыштық тән. Кең дала қозғалыс бақытын дұрыс табу, жайылымдардың күйін анықтау, ауа райының өзгерісін алдын-ала болжау, өсімдіктердің атын өте дәл тауып қою т.с.с.

Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық үйелмендік, тұрмыстық әдет-ғұрыптық, еңбектік және тағы басқа әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылады.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлілігі тәнқаларлықтай (домбыра шертер, асатаяқ, шаң қобыз, ұран, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік, қамыс сырнай, дабыл т.б.). Олар бос уақытта пайдаланып, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етеді.

Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы өте зор болды. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын, әсемдік сезімін талғамын, қажеттігін біледі.

Күнделікті өмірдегі адамның жеке басының эстетикасы

Күнделікті өмірдегі адамның жеке басының эстетикасы - жеке адамның жалпы мәдениеті үйелменде, ұжымда, жұртшылық, арасында байқалады. Сондықтан күнделікті өмірдегі оқушының жеке басының эстетикасына ерекше көңіл аудару мұғалімдер мен ата-аналар алдындағы кезек күттірмейтін басты мәселелердің бірі болып саналады.

Оқушылардың жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жалпы шырайлылық, қайырымдылық, тазалық сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет-бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй жағдай эстетикасы, манера (өзін ұстай білу үлгісі), дене қимылы т.б.

Қатынас эстетикасы - үйелменде ата-аналармен, мектепте оқушылар және мұғалімдермен, басқа адамдармен қатынас жасау эстетикалық тәрбиенің іргетасы.

Үй-жағдай эстетикасы. Әрбір үйелмен өз үйіне жайлы жағдай жасауға тырысады. Әр түрлі үй дүние-мүліктердің өз орнында әдемі, ыңғайлы тұруын ойластырады. Жұмыс істейтін және демалатын бөлмелерді өте қолайлы етіп жабдықтайды. Үйелменде балаларды үй ішінде өзінің жеке заттарын, нәрселерін ретке келтіріп ұстауға, күтуге, үйді жинауға, тазалықты сақтауға үйретеді. Осындай жұмыстардың барлық түрлеріне балаларды қатыстыру - әке мен шешенің, ересек үйелмен мүшелерінің басты міндеттері.

Киім-кешек эстетикасы. Адамның сыртқы көрінісі, киімі, жүріс тұрысы оның эстетикалық мәдениетіне байланысты. Киім эстетикасы сән (мода) қазіргі өмір талабына сәйкес болуды қажет етеді. Ескірген сән бойынша киіну адамды сәнсіз етеді, оның сүйкімділігін жояды. Сәнді дұрыс пайдалану - бұл әдемілікті сезу, өмірге, адамның бейнесіне сергітуші жаңалықтар енгізу. Артық сәндену, түрлі формаларға, түстерге еліктеу адамға абырой әпермейді. Сыртқы киім, аяқ киімді, шашты баптауды өскелең өмір талабына, жас ерекшелігіне сәйкес тандап алу керек. Басқаша айтқанда, адамды қымбат мүліктердің көрмесіне айналдыруға болмайды. Киім-кешек эстетикасында сұлулықтың өлшемін есепке алу керек.

Атақты француз жазушысы, ағартушы-философ және педагог Жан-Жак Руссо (1712-1778) "дене қимылын бір қалыптылықты ұстауға, мейірімді дауыспен сөйлеуге, өзінді ұстай білуге, жеңіл жүруге жету",-деді.

Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың

белгісі. А.П.Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой- бәрі сұлу болу керек.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз - сұлулықты, көркемдікті сездіріп үйрету, сондай сұлулық пен көркемдікті тек көріп қана қоймай, өз бойында қалыптастыра білудің әдет-дағдыларын меңгерту деген сөз. Эстетикалық тәрбиеге табиғаттың, еңбектің, қоғамдық өмірдің, тұрмыстың өнердің көркемдігі мен сұлулығын сезіну, қабылдау, оларды меңгеру сияқты кең ұғым жатады.

Сұлулықпен көркемдіктің алғашқы ұғымдарын, әдет-дағдыларын қалыптастырудан отбасындағы эстетикалық тәрбиенің

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.К.Жанпейісова. Педагогика. – А. 2003
2. К. Қоянбаев. Педагогика. – А. 2005
3. К. Көшекеев Оқыту теориясы – А. 2000
4. Б.Р. Айтмамбетова Оқыту процесін ұйымдастыру. – А 1991
5. Қ.Ж. Бұзаубақова Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004
6. Б.Р. Айтмамбетова Дидактиканың принциптері. –А 1991

Қосымша әдебиеттер:

1. Т.С. Сабыров. Оқыту теориясы. Алматы, 2000.
2. Г.А. Умаев Бала бақыты. – А 1988.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева Тәрбие хрестоматиясы –А. 2001.
4. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1990.
5. Н.И. Болдырев Класс жетекшісі. Алматы 1980-ж.
6. Н.И. Болдырев Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. Алматы 1987-ж.
7. И.Ф.Харламов. Педагогика. Москва 2000-ж.
8. Г.Кертаева Оқытудың кейбір әдістері. – А. 1992.
9. Н.Д.Иванова Оқыту процесі, оның мәні. – А 1991.

Рецензент: к.пед.н., доцент Жолдобасова Б.